

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 56-10 "Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 наурыздағы № 20-2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 сәуірде № 27471 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 8-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 06.09.2023 № 8-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Тасқала аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының "Тасқала аудандық әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 56-10 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6756 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Ж. Бисенгалиева*

Тасқала аудандық мәслихаты  
2022 жылғы 28 наурыздағы  
№ 20-2 шешіміне қосымша

Тасқала аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 56-10 шешімімен бекітілген

**Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

1. Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін

айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін анықтайды.

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұғым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұғымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Тасқала ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы-отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қын жағдай- азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Тасқала ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) участекі комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті ауылдық округ әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

9) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – әлеуметтік көмек алушылар) өмірлік қын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндерге ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2 ) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі.

## **2 тарау. Әлеуметтік көмек көрсету, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

6. Мереке күндерге әлеуметтік көмек келесі санаттағы азаматтарға ақшалай төлем түрінде көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 9 мамыр - Женіс күніне орай бір реттік 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде және ай сайын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар (

бұдан әрі – КСР) Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына бір реттік 9 мамыр-Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

3) Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарына бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 120 000 (бір жұз жиырма мың) теңге мөлшерінде және ай сайын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

5) Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде;

6) бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне бір реттік 9 мамыр-Женіс күніне орай 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

7) Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 9 мамыр - Женіс күніне орай бір реттік 120 000 (бір жұз жиырма мың ) теңге мөлшерінде және ай сайын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді;

8) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға 9 мамыр - Женіс күніне орай бір реттік 120 000 (бір жұз жиырма мың) теңге мөлшерінде және ай сайын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төленеді;

9) 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттын, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға бір реттік 9 мамыр Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

10) жарапануы, контузия алуды, зақымдануы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде орындау кезінде немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан, сондай - ақ ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери қызметтің өткеру кезінде бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) ;

Ауғанстанда әскери қызмет өткеру кезінде - 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күніне бір реттік 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде және 9 мамыр- Женіс күніне 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

11) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуды, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

12) басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарапануы, контузия алуды, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр Женіс күніне орай - 100 000 (бір жұз мың ) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

13) 1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында

болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігүі салдарынан мүгедек болған адамдарға 9 мамыр-Женіс күніне орай бір реттік 60000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

14) Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына бір реттік 9 мамыр Женіс күніне орай 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

15) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

16) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға бір реттік 9 мамыр-Женіс күніне орай 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

17) бұрынғы КСР Одағы үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда):

Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдардан басқа, басқа мемлекеттердің аумағында бір реттік - 9 мамыр - Женіс күніне орай - 100 000 (бір жұз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстан аумағында - 15 ақпанда Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күніне бір реттік 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде және 9 мамырда Женіс күніне 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде.

18) оқу жындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары журіп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге бір реттік - 9 мамыр - Женіс күніне 100 000 (бір жұз мың) теңге және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

19) Ауганстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жүз мың) және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

20) бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай - 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

21) Ауганстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 80 000 (сексен мың) теңге мөлшерінде;

22) Тәжікстан-Ауганстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшету жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр Женіс күніне орай - 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай -60 000 (алпыс мың ) теңге мөлшерінде;

23) Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай - 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

24) Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

25) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін ( қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігіүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңың 4-6-баптарында аталған адамдардың отбасыларына бір реттік 9 мамыр Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 ( алпыс мың) теңге мөлшерінде;

26) бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

27) ұрыс қымылдары кезеңінде жарапану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына:

Ауғанстанда - 15 ақпанда Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығару күніне орай бір реттік 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 9 мамыр- Женіс күніне 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде бір реттік 9 мамыр – Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

28) бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған ) әскери қызметшілердің отбасыларына бір реттік 9 мамыр - Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсанда - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

29) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына бір реттік 9 мамыр- Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

30) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың және ядролық сынақтардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен солардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары бір реттік 9 мамыр-Женіс күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

31) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста

мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын өрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына) 9 мамыр- Женіс күніне орай бір реттік 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

32) 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға бір реттік 9 мамыр- Женіс күніне орай 100 000 (бір жүз мың) теңге мөлшерінде және 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

33) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай бір реттік 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

7. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына қын өмірлік жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) туберкулез ауруымен амбулаторлық есепте тұрған тұлғаларға, ай сайын 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ұсынылады;

2) адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтырған диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінде ай сайын тағайындалады;

3) 1, 2, 3 және 4 сатылардағы қатерлі ісіктері бар, медициналық мекеменің анықтамасы бойынша амбулаториялық бақылауда жатқан адамдарға; "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның анықтамасы бойынша ауруы адамның иммун тапшылығы вирусымен (АИТВ) туындаған адамдарға; дәнекер тінінің жүйелі зақымдануы бар тұлғаларға медициналық мекеменің анықтамасы негізінде табысын есепке алмағанда, бір мезгілде 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға табыстарын есепке алмай, бір рет 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) кірістер есебінсіз, гемодиализ аппаратын пайдаланатын бірінші топтағы мүгедектерге 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

6) жеке оңалту бағдарламасына сәйкес облыс шегінен тыс жерлерге санаторий-курорттық емделуге жіберілген мүгедектер мен мүгедек балаларға жол жүру құжаттарын (билеттерді) ұсыну негізінде шығу пунктінен межелі жерге дейін және кері қарай плацкарт вагоны орнының құны мөлшерінде, жол жүру құжаттарын (билеттерін) ұсыну негізінде облыс ішінде шығу пунктінен межелі жерге дейін және кері қарай билет құны мөлшерінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) ұсыну;

7) жан басына шаққандағы орташа табысы Батыс Қазақстан облысы бойынша ең төмен құнкеріс деңгейінің шамасынан төмен адамдарға (отбасыларға) бір рет 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға табыстарын есепке алмай, 10 (он ) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

9) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен адамдарға осы жағдай туындаған кезден бастап үш ай ішінде табыстарын есепке алмай, шекті мөлшерде бір рет 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

8. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару негіздері Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. Мереке құндерге әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Тасқала ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

11. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

12. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес"автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.